

## Рудный қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 193 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес Рудный қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Рудный қалалық мәслихатының "Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібін бекіту туралы" 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 162 және "Қостанай облысы Рудный қаласының Қашар кентінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін шағын аудандар, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібін бекіту туралы" 2023 жылғы 16 қантардағы № 187 шешімдерінің күші жойылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат төрағасы*

*А. Исаков*